



Газет  
2007 жылғы  
22 қарашадан  
шығады

# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№41 (845) Сәрсенбі 11 қазан 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІ ЕРЖАН СӘДЕНОВТІ ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміз бойынша кісі өлтіру, бұзақылық, ұрлық, қарақшылық, тонау және мал ұрлығына қатысты қылмыстар санының айтарлықтай төмендеуіне ықпал еткен алдын алу шаралары туралы мәлімет берілді.

Көшелердегі қауіпсіздік деңгейінің артқаны атап өтілді.

Президентке құқық бұзушылықтарға «мүлде төзбеушілік» және жазаның бұлтартпастығы, кәмілетке толмағандардың құқығын қорғау және интернет-алайықтыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде баяндалды.

Ержан Сәденовтің айтуынша, жыл басынан бері ауыспалы нөмірлерден шалынған 37 миллион қоңырау бұзатталып, заңға қайшы контенті бар 16 мың сайт анықталған.

Мемлекет басшысына Нашакорлыққа және есірткі

бизнесіне қарсы күрес жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспардың іске асырылуы туралы ақпарат берілді. Министрдің айтуынша, 31 тоннадан астам есірткі және 79 тонна прекурсор тәркіленіп, 39 есірткі зертханасын жойылған.

Сонымен қатар Президентке қылмыстық-атқару жүйесі мен Ұлттық ұлан қызметінің қазіргі жай-күйі туралы айтылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚЫЗЫЛОРДАДА

Мемлекет басшысы Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келді. Сапар барысында Президент Сырдария ауданының Нағи Ілиясов ауылына барады және еңбек адамдарымен кездеседі деп жоспарланып отыр.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда қаласында салынып жатқан жаңа әуежай терминалымен танысып, бірқатар нысанды аралап көреді.



## ЖОЛ АПАТЫНАН КӨЗ ЖҰМҒАН БАЛАЛАР САНЫ 16% ӨСТІ

Ішкі істер министрлігі жол қозғалысына қатысушылардың бәрін жол ережесін сақтауға шақырады.

Жолдағы қауіпсіздік жағдайы маңызды және өзекті мәселенің бірі болып қала береді. Биыл апаттың барлық көрсеткіштері аздап төмендеді:

- жол-көлік оқиғалары - 4%
- онда қаза болғандардың саны - 2%
- жаракат алғандардың саны - 8%.

Атқарылған жұмыс нәтижесінде мыңнан

астам азаматтың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жоқ.

«Мен ата-аналарға, тәрбиешілерге, ұстаздарға және еліміздің ересек тұрғындарына үндеу жасағым келеді. Өскелең ұрпақтың қауіпсіздігі біздің қолымызда екенін ұмытпайық! Жалпы көрсеткіштердің төмендеуіне қарамастан, биыл да жол апаты салдарынан болған жасөспірімдер өлімінің көрсеткіші бұрынғыдай жоғары деңгейде қалып отыр. Тоғыз ай ішінде жол апатынан

210 бала көз жұмған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 16%-ға көп», - дейді ҚР ІІМ ӘПК ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Ақтоғы Боранова.

Балалар - жол жүрісіне қатысушылардың ең осал санаттарының бірі. Сондықтан балалар мен жасөспірімдердің жол жүрісі қағидаларын бұзбауын түсіндіру, ереже бұзу жәйттеріне куә болған жағдайда оның алдын алу - әрбір ересек адамның міндеті.

«Ел тілегі» ақпарат

## NIS ВИРТУАЛДЫ МЕКТЕБІ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

6-сынып оқушыларына арналған NIS Виртуалды мектебі өз жұмысын бастады. Виртуалды мектеп – 5 және 6-сынып оқушыларын «Өркен» білім беру гранты бойынша Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 7-сыныбында оқуға конкурстық іріктеуге дайындайтын тегін білім беру платформасы.

Виртуалды мектептің «Математика», «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі»,

«Жаратылыстану» пәндерінен оқу бағдарламалары білім берудің тиімділігін арттыруға, баланың ынтасы мен қажетті дағдыларын дамытуға және Назарбаев Зияткерлік мектебіне түсуге дайындықты бастауға мүмкіндік береді.

Виртуалды мектепте оқу аяқталғаннан кейін оқушы қашықтан өтілген тақырыптарды бекітуге арналған тапсырмаларды орындау және қорытынды тесттен


өтуі қажет.

Қорытынды тестілеуде ең жоғары ұпайдың 50 және одан да көп пайызын жинаған оқушылар демалыс кезінде Назарбаев Зияткерлік мектептері базасындағы Каникулярлы мектепке шақырылады.

NIS Виртуалды мектебінде Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінен 22 949 оқушы оқыды, 4 574 (20%) оқушы «Өркен» білім грантын

иеленіп, Назарбаев Зияткерлік мектептеріне сәтті оқуға түсті. Виртуалды мектептің 11 мыңнан астам қатысушысы шекті ұпай жинап, өз аймақтарындағы Каникулярлы мектепте оқуын жалғастырды.

Еліміздегі жалпы білім беретін мектептердің 6-сынып оқушыларына арналған NIS Виртуалды мектебіне тіркелу 2023 жылдың 18 желтоқсанына дейін жүргізіледі.



ҚАРАША

2023 жыл

Аудан, облыстық маңызы бар қала әкімдерінің сайлауы

## АУДАН ӘКІМІ БОЛУҒА ҮМІТТІ 6 КАНДИДАТ ТІРКЕЛДІ

2023 жылдың 5 қараша күні өтетін аудандар, облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайлау Қызылорда өңіріндегі 7 ауданының Сырдария және Шиелі аудандарында ұйымдастырылады.

Сайлау Күнітөзесіне сәйкес 5 қыркүйек жергілікті уақыт 18.00-ден кейін кандидаттардың ұсынымы құжаттарын қабылдау аяқталды. Ал, 10 қазан жергілікті уақыт 18.00-ге дейін кандидаттарды тіркеу аяқталады.

Сайлау науқанына екі аудан бойынша барлығы 7 кандидат ұсынылды, оның ішінде 3-і – саяси партиялар, 4-і-өзін-өзі ұсыну тәртібімен.

Орташа бәсекелестік 1 орынға 3,5 адамнан келді. Кандидаттардың ең көбі – 4 адам Шиелі ауданынан ұсынылды. Сырдария ауданында 3 кандидат құжат өткізді.

Кандидаттардың орташа жасы 47 жас, ал ең жасы – 39 жаста, ең үлкені – 60 жаста. Үміткерлердің ішінде әйел азаматшалар жоқ.

Кандидаттардың 4-уі мемлекеттік қызметкер, 2-уі қазіргі әкімдер және 1-уі бюджеттік сала қызметкері.

Мамандығы бойынша 5-і – экономист, 1-і – заңгер және 1-і – құрылысшы.

Ұсынылған 7 кандидаттың 6-ы тіркеліп, 1-уі өз өтініші негізінде кандидаттықтан алынып тасталды.

10 қазан жергілікті уақыт 18.00-ден кейін кандидаттар үшін үгіт кезеңі басталады. Бұл ретте кандидаттардың өз сайлау қорлары болмайды. Олар арнайы белгіленген шығыстар шеңберінде жұмыс жасай алады.

Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы

## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ, «ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ» ЖУРНАЛЫ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2024 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2500 теңге;

«Жарасымды жанұя» журналына жеке жазылушылар үшін индекс 47023

6 айға – 2850 теңге.

## БАСЫЛЫМДАРЫМЫЗДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

• Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!

• Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:  
8(7242) 27-85-75; 8-7059827661; 8-7716933181.





